

**Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 212 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 **Қ а у л ы с ы м е н .**

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

5

н а у р ы з д а ғ ы

N

2 1 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Қаулының тақырыбында және мәтінінде "Өртке қарсы қызмет органдарының", "өртке қарсы қызмет органдары", "өртке қарсы қызметтің" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары", "мемлекеттік өртке қарсы қызметтің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

**Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертiккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесі**

1. Осы Ереже "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертiккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Біржолғы өтемақы төлеуді мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызмет өткеретін жері бойынша бөлімшенің қаржы органы (бұдан әрі - қаржы органы) республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен алушының Қазақстан Республикасының шегіндегі екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотына аудару жолымен өтініш берілген сәттен бастап екі ай і ш і н д е жү р г і з е д і .

Кәмелетке толмаған алушыға біржолғы өтемақы төлеу оның тұратын жері бойынша екінші деңгейдегі банкідегі ағымдарды шотына аудару жолымен ғана өтініш берілген сәттен бастап екі ай ішінде бұл туралы бір уақытта қамқорлық және қамқоршылық органдарын, сондай-ақ оның заңды өкілдерін хабардар ете отырып жү р г і з і л е д і .

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.11. N 1011 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

3. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының кадр аппараты өтемақы алуға құқығы бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерін немесе адамдарды қаржы органына біржолғы өтемақы төлеу туралы өтініш беру қажеттігі туралы 15 күн ішінде жазбаша хабардар етеді.

4. Біржолғы өтемақы алу үшін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері немесе оны алуға құқығы бар адам мынадай құжаттарды ресімдейді және қаржы органына береді:

1) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде қаза тапқан (қайтыс болған) не қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты салдарынан қызметінен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтыс болған жағдайда :

1 - қосымшаға сәйкес өтініш;  
алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
кәмелетке толмаған алушының тууы туралы куәлігінің көшірмесі;  
неке туралы куәлік не алимент туралы сот органдарының атқарушы парағы (камқоршылық туралы құжат) не егер төлем алуға өтініш білдірген адам қаза тапқан (қайтыс болған) адамның мұрагері болса мұрагерлігіне құқығы туралы куәлік;

қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;  
қаза тапқан адамның (қайтыс болған адамның) қызмет өткерген орнынан қаза табуының (қайтыс болуының) мән-жайы туралы қорытындының көшірмесі;  
қаза тапқан адамның (қайтыс болған адамның) қаза тапқан (қайтыс болған) күнге алған ақшалай үлесі туралы қаржы органының анықтамасы;  
қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты салдарынан қызметінен босатылған күннен бастап бір жыл ішінде қайтыс болған мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қаза табу (қайтыс болу) фактісі бойынша, бұдан басқа әскери-дәрігерлік комиссияның (бұдан әрі - ӘДК) қорытындысы беріледі;

2) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде алған жарақаты, жаралануы (контузия), мертігуі, науқастануы салдарынан туындаған мүгедектігі белгіленген кезде:

1 - қосымшаға сәйкес өтініш;  
қызмет өткерген орнынан жарақат алуының, жаралануының (контузия алуының), мертігуінің, науқастануының мән-жайы туралы қорытындының көшірмесі;

денсаулығына зақым келген фактісін растайтын және осы ӘДК мөрімен куәландырылған, ӘДК берген қорытындының көшірмесі;  
мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің оқиға болған күнге ақшалай үлесі туралы қаржы органының анықтамасы;  
мүгедектен белгілеу туралы медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы анықтамасының көшірмесі;

3) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқпаған ауыр немесе жеңіл мертігу (жарақат, жаралану, контузия) алған жағдайда:

1 - қосымшаға сәйкес өтініш;  
мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің қызмет өткерген орнынан ауыр немесе жеңіл мертігу алуының мән-жайы туралы қорытындының көшірмесі;

алған зақымының денсаулығына ауырлығы туралы емдеу-алдын алу мекемесінің не ӘДК-нің анықтамасы;

мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерінің оқиға болған күнге ақшалай үлесі туралы қаржы органының анықтамасы.

5. Біржолғы өтемақы алуға құқығы бар мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері немесе адам өтемақы төлеу туралы өтініш берген кезде қаржы органы осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығы мен ресімделуінің дұрыстығын тексереді және 2-қосымшаға сәйкес өтініштерді және біржолғы өтемақыларды төлеуді тіркеу журналында мекеме басшысының атына ресімделген өтінішті тіркейді. Осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген тиісті құжаттар толық берілмеген жағдайда, өтініш тіркеуге ж а т п а й д ы .

6. мемлекеттік өртке қарсы қызметтің уәкілетті органы біржолғы өтемақыны тағайындауға арналған құжаттарды алған сәттен бастап 15 күннен аспайтын мерзімде біржолғы өтемақы тағайындау күнін көрсете отырып, біржолғы өтемақы төлеу туралы шешім қабылдайды.

7. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының біржолғы өтемақы төлеуден бас тартқан жағдайда, өтініш беруші бас тарту туралы шешім шыққан сәттен бастап 15 күн ішінде бұл туралы жазбаша хабардар етіледі. Бұл ретте өтініш беруші шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

8. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертіккен жағдайда шығындарды өтеу жөніндегі жұмыстарға жалпы басшылықты мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының кадр аппараттары жүзеге асырады.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен жағдайда оған, ал ол қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу е р е ж е с і н е

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

Кімге \_\_\_\_\_  
(мекеме (ұйым) басшысының лауазымы,  
\_\_\_\_\_

арнайы атағы, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ мекен-жайы

\_\_\_\_\_ бойынша тұратын

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің аты-жөні)

## Біржолғы өтемақы төлеуге

### өтініш

Маған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ байланысты біржолғы  
(шығын өтелуі тиіс оқиғаның сипаты көрсетіледі)  
өтемақы төлеуіңізді сұраймын.

Маған тиесілі соманы \_\_\_\_\_  
банктің атауы, банктің СТН-і, банктің МФО-сы,

\_\_\_\_\_ алушының ағымдағы шотының N немесе байланыс бөлімшесі арқылы  
\_\_\_\_\_ аударуыңызды сұраймын.  
\_\_\_\_\_ аударылатын жағдайда оның мекен-жайы көрсетіледі)

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ 200\_ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Құжаттар 200 ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қабылданды. Қолы \_\_\_\_\_

(құжатты қабылдаған адамның қолы)

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет  
органдарының қызметкері қызметтік  
міндеттерін немесе қызметтік  
борышын атқару кезеңінде мертіккен  
жағдайда оған, ал ол қаза тапқан  
(қайтыс болған) жағдайда өтемақы  
алуға құқығы бар адамдарға  
біржолғы өтемақы төлеу  
е р е ж е с і н е

Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР  
Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

**Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкері  
қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын  
атқару кезеңінде мертіккен кезде біржолғы өтемақы  
төлеуге арналған өтініштерді тіркеу журналы**

Өтініштің келіп түскен күні	Мертіккен, оның ішінде қайтыс болған мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерінің аты-жөні және оның мекен-жайы	Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қайтыс болған қызметкері мұрагерінің аты-жөні және оның мекен-жайы	Шығынды өтеу себебі (қайтыс болуы, мүгедектігі, ауыр немесе жеңіл мертігуі)	Біржолғы өтем-ақының сомасы	Төлем құжатының N және күні	Бас тарту себебі
1	2	3	4	5	6	7